

Ақжайық ауданы Сарытоғай ауылдық округінің Жанама ауылындағы кейбір көшелердің атауларын өзгерту туралы

Батыс Қазақстан облысы Ақжайық ауданы Сарытоғай ауылдық округі әкімінің 2010 жылғы 30 шілдедегі N 3 шешімі. Батыс Қазақстан облысы Ақжайық ауданы әділет басқармасында 2010 жылғы 17 тамызда N 7-2-97 тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" және 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңдарына сәйкес, 2010 жылғы 15 шілдедегі Жанама ауылы тұрғындарының жалпы жиынының хаттамасын ескеріп, **ШЕШІМ ЕТЕМІН:**

1. Ақжайық ауданы Сарытоғай ауылдық округінің Жанама ауылындағы мына көшелерінің атаулары:

Ленин көшесі – "Орынгали Галимов атындағы көше";

Совет көшесі - "Жеңіс көшесі" деп өзгертілсін.

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін 10 күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

3. Осы шешімнің орындалуын қадағалау аппараттың бас маманы А. Бигалиевке тапсырылсын.

*Сарытоғай ауылдық округі әкімінің
міндетін уақытша атқарушы С. Т. Умаров*